

Кедендік бақылау аймағын құру және белгілеу тәртібі жөнінде нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 3 қараша N 531-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 975. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001.02.15. N 50 бұйрығымен. ~V011448

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасы Заңының 204-бабын орындау мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған кедендік бақылау аймағын құру және белгілеу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Мұхамедиева Г.) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін.

3. Кеден күзеті және режимі бас басқармасы (Сүлейменов М.А.) осы бұйрықтың іске асырылуын және кедендік бақылау аймақтарына есеп жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 77-П бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі мемлекеттік кедендік бақылау тәртібі туралы" Нұсқаулықтың "Кедендік бақылау аймағы" бөлімі алынып тасталсын.

5. Баспасөз қызметі (Исахан Г.) осы бұйрықтың баспасөзде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті Төрағасының орынбасары Б.Жұмабаевқа жүктелсін.

7. Бұйрық мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің

1999 ж. 3 қараша N 531-Б

бұйрығымен

бекітілді

Кедендік бақылау аймағын құру және
белгілеу тәртібі туралы
Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заңының 204-бабына сәйкес тек кеден бақылауын жүзеге асыру мақсатында құрылады. Басқа мақсаттарда кедендік бақылау аймақтарын құру және пайдалануға жол берілмейді.

2. Кедендік ресімдеу аймақтары, соның ішінде уақытша сақтау орындары, еркін қоймалар, еркін кеден аймақтары және Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы кеден органдарының орналасу орындары кедендік бақылау аймағы болып табылады.

3. Кедендік бақылау аймағының шектері шартты сызықтармен шектеледі.

2. Кедендік бақылау аймағын құру және белгілеу

4. Кедендік бақылау аймағы Қазақстан Республикасының кеден органдары белгілеген орындарда құрылады. Әдетте, кедендік бақылау аймағына елді мекендер енбейді.

5. Орындарды кедендік бақылау аймағы деп тану үшін:
уақытша сақтау орындарын және уақытша сақтау қоймасын, еркін қойманы, кеден қоймасын құруға лицензияларды тану туралы шешім;
кеден органының орналасқан жері туралы тіркеу құжаттары;
кедендік ресімдеу орындарын, соның ішінде Заңның 154-бабына сәйкес әуежайларда, порттарда, темір жол стансаларында белгілеу туралы кеден органының шешімі;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық өткізу пунктін құру (ашу) туралы шешімі негіз болып табылады.

6. Кедендік бақылау аймағын құру туралы шешім Қазақстан Республикасы кеден органының бұйрығы нысанында ресімделеді.

7. Кедендік бақылау аймағы анық көрінетін белгілермен мынадай талаптарды сақтай белгіленеді:

- автомагистральдарда жол белгілерінің ГОСТ 10807-78 техникалық жалпы шарттарына сәйкес ақпаратты-сілтеуішті белгілермен;

- осы Нұсқаулықта аталған өзге жерлерде биіктігі 50 см., қалыңдығы 100 см. белгілермен (әріптер көлемі: биіктігі 10 см., қалыңдығы 3,7 см.) көк жерде ақ әріптермен, үш тілде (қазақша, ағылшынша және орысша) үш жолға: "Кедендік бақылау аймағы" жазбасы жасалады.

- судағы кедендік бақылау аймағы жарықты шағылыстыратын бояумен орындалған "кедендік бақылау аймағы" деген жазуы бар қызыл түсті бояулармен белгіленуі керек.

3. Кедендік бақылау аймағына өткізу режимі

8. Кедендік бақылау аймағына кіру тиісті кедендік бақылау аймақтарын құру туралы шешіммен айқындалған орындарда жүзеге асырылады. Мұндай орындар есебінде бақылау-өткізу пункттері (БӨП) болуы мүмкін.

9. Кедендік бақылау аймағына тұлғалардың өтуі және тасымалдау Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатымен және оның бақылауында жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларды өткізуден басқа. Аталған жағдайларда кедендік бақылау аймағына өткізу Қазақстан Республикасы кеден органының алдын-ала хабарлауымен рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызметінің әскери қызметкерлер кеден аймағына өткізу мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттеріндегі режимнің келісілген технологиялық жобасы бойынша жүзеге асырылады.

10. Кедендік бақылау аймағының шектерінде тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, сондай-ақ өндірістік және өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатымен жүргізіледі, кеден режимінің шарттарымен тауарлармен нақты операциялар жасау қарастырылған жағдайлардан басқа.

11. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау аймағының шеңберінде, сондай-ақ оның мемлекеттік шекарамен түйіспейтін шекарасы арқылы жүргізілуін (Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жүруді қоспағанда) кедендік бақылау аймағында орналасқан шаруашылықты жүргізуші субъектілердің және онда тұрақты тұратын жеке тұлғалардың жүргізуі тұлғаны

қуәландыратын құжаттар бойынша, сондай-ақ көлік

құралдарына беретін өткізу рұқсаттары бойынша жүргізіледі. Арнайы өткізу рұқсаттарын кеден органдары шекаралық, ветеринарлық, фитосанитарлық және бақылаудың өзге түрлерін жүзеге асырушы мемлекеттік органдармен келісімі бойынша береді.

12. Егер олардың жүргізілуі тағайындауға және кедендік бақылау аймағының жұмыс режиміне сәйкес келмесе, тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдауға, өндірістік және өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

4. Қорытынды

13. Кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.

14. Кедендік бақылау аймағы режимін бұзғаны үшін Заңның 260-бабына сәйкес жауапкершілік қарастырылған.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.